

Ылғалды бөлмелердегі едендер мен қабырғаларды дайындауға арналған адгезиялық қосылысы бар оқшаулаушы грунт. Үш компоненттен тұрады. Өткізбейтін тұрақты гидрофобты қабат қалыптастырады, жарықтар мен тегіс еместіктерді толтырады, ылғалдың енуін блоктайды. Негізді және кейінгі декоративті қабаттарды мықты байланыстырады.

ЕДЕНДЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Микроцемент немесе Микробетон жағылатын еден жабындарының жағдайын бағалаңыз, жарықтар, тегіс еместіктер, қабаттардың бөлінуі және басқа ақаулардың бар-жоғын тексеріңіз.

- + Едендердің деформациясын және негіздің беріктігін тексеріңіз. Егер тұз қалдықтары (высолы) болса, тазалаңыз. Жарықтарды жөндеу үшін кварц құмымен полиуретан немесе эпоксидті құрамға негізделген арнайы жөндеу қоспаларын пайдаланыңыз. Қоспаның толық кебуін нұсқаулыққа сәйкес күтіңіз.
- + Бетті кірден, шаңнан, материал қалдықтарынан тазалаңыз. Адгезияны жақсарту және нығайту пропиткаларының терең енуі үшін Р40-80 абразивін қолданыңыз. Пластикалық қоспасы бар М200 немесе одан жоғары цемент-құм қоспасын пайдаланыңыз. Негіздің беріктігін арттыру және жарықтануға төзімділігін күшейту үшін талшық немесе дәнекерленген тор қолдану ұсынылады.

СҮРТУ

ЕДЕНГЕ ГРУНТ ЖАҒУ



А компонентіне В компонентінің барлық көлемін қосып, мұқият және баяу араластырыңыз. Дайын қоспаға С компонентінің барлық көлемін қосып, қайтадан жақсылап араластырыңыз. Жұмыс барысында адгезиялық қосылыстың шөгетінін болдырмау үшін қоспаға қайта оралып араластырыңыз.

Қоспаны роликпен біркелкі жағыңыз. Кішкентай алаңда қоспаны еденге құйып, шпательмен таратуға болады.

ЖУЫНАТЫН БӨЛМЕ МЕН ЫЛҒАЛДЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚАБЫРҒАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ

- + Гипсті қоспаларды пайдаланбаңыз.
- + Цемент гидроизоляциясын жағыңыз: бірінші қабат – базалық (контакт), екінші қабат – күшейтілген (тор немесе базальт талшығын қосуға болады).
- + Бұрыштар мен еден мен қабырға түйіскен жерлерді, сонымен қатар сантехникалық шығуларды гидроизоляциялық мембранамен жақсы оқшаулаңыз. Үшінші, фиништік қабатты жағып, 36 сағаттан кейін тегістеп, нығайтушы грунтпен өңдеңіз.

СҮРТУ

ЖУЫНАТЫН БӨЛМЕ ЖӘНЕ ЫЛҒАЛДЫ АЙМАҚТАҒЫ ҚАБЫРҒАҒА ГРУНТ ЖАҒУ

А компонентіне В компонентінің барлық көлемін қосып, мұқият және баяу араластырыңыз. С компонентін қолданбаңыз. Роликпен қабырғаға жағып, бұрыштар мен түйіскен жерлерге ерекше назар аударыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дайын қоспамен жұмыс жасауға ыңғайлы уақыт – 40-60 минут. Жарты сағаттық жұмыс кезеңінде өңдеуге жеткілікті мөлшерде материал араластырыңыз. А және В компоненттері қосылғаннан кейін полимерлеу химиялық реакциясы жүреді, жылу шығуымен және өздігінен қызумен бірге жүреді. Қабат қалыңдығы мен бетінің көлемі арқасында материал салқындай алады.

 **Қоспаны ыдыста қалдырып қатырмау өте маңызды, әйтпесе термореакция шамадан тыс болуы мүмкін.**

 **Аралық кебу: 18-24 сағат
Толық полимерлеу: 21 күн**